



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

		редакторының терезесінде бұл мәліметтер екілік параметр түрінде он алтылық форматта көрінеді.
Екілік параметр	REG_RESOURCE_UST	Іштестірілген массивтер тізбегі. Аппараттық ресурстар драйверінің тізімін сақтауға арналған, олар белгілі бір драйверлерде немесе оларды басқаратын физикалық құралдармен пайдаланылады. Осы жүйенің тізімінің бір бөлігі \Resource Map бөлімінде сақталады. Мәліметтер жүйемен анықталады. Реестрдің редакторының терезесінде олар он алтылық форматта екілік параметр түрінде көрінеді.
Екілік параметр	REG_FULL_RESOURCE_DESCRIPTOR	Іштестірілген массивтер тізбегі. Физикалық құралмен пайдаланылатын ресурстар тізімін сақтауға арналған. Алынған мәліметтерді жүйе \HardwareDescription бөлімінде сақтайды. Реестрдің редакторының терезесінде олар он алтылық форматта екілік параметр түрінде көрінеді.
Болмайтын	REG_NONE	Анықталған типі жоқ мәліметтер. Мұндай мәліметтер реестрге жүйе арқылы немесе қосымша арқылы жазылады. Реестрдің редакторының терезесінде олар он алтылық форматта екілік параметр түрінде көрінеді.
Сілтеме	REG_LINK	Юникод форматындағы символдық сілтеме.
QWORD параметрі	REG_QWORD	64-разрядтық бүтін түрінде берілетін мәліметтер. Реестрдің редакторының терезесінде олар екілік параметр түрінде көрінеді. Параметр бірінші рет Windows 2000-ға енген.

Сонымен қатар реестрмен жұмыс жасау, көп жағдайда жол түрінде, ондық сандар мен басқа да санау жүйелерінде берілетін реестр параметрлерін өңдеу болып табылады[3].

Қолдағанылған әдебиеттер:

1.М.Серік, Н.Т. Шындалиев, Ж.Е. Зулпыхар Компьютер архитектурасы және жүйені әкімшіліктендіру. Оқу құралы. –Астана, «Мастер ПО»2012, -350б.

2.Куприянова А.В. РЕЕСТР WINDOWS XP: Настройки, трюки, секреты. Настольная книга пользователя / Под.ред. М.В. Финкова. Серия «Просто осложном». – СПб.: Наука и Техника, 2006. – 192с., ил.

3.Денис Колисниченко. СЕКРЕТЫ РЕЕСТРА WindowsXP/Vista. –М.: Санкт-Петербург «БХБ-Петербург», 2008

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ:БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ТАЛАПТАР

Тоқымбаева Ұлжан Полатбекқызы

ulzhan_tokimbaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты

Ғылыми жетекші: Мубараков А.М. профессор,педагогика ғылымдарының докторы

Аннотация. Бұл мақалада соңғы жылдардағы, барлық елдерде қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан оқытуға үлкен мән беруде.Және оның қазақстандық білім беру саласында өзектілігі күннен – күнге танылып келеді, оған

қызығушылық та артып отыр. Қашықтықтан оқыту кезінде оқу процессіне қатысты компоненттердің (мақсаты, мазмұны, әдістер, ұйымдастырушылық кезең, оқыту құралдары) барлығы орын алады. Айырмашылығы, ең алдымен оқыту құралдарын пайдалану өзгешелігінде.

Кілттік сөздер: қашықтықтан оқыту, бейнеконференциялық байланыс, коммуникациялық технология, бейнебайланыс;

Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей қашықтықтан оқыту ұғымына әр түрлі сипаттама беріледі: оқытушы мен білім алушының ара қашықтығы ұзақ болатын алыста отырып, білім алу үдерісін білдіреді; ол қандай да бір айрықша оқыту технологиясы емес, білім беруші мен білім алушының оқытудың тар ауқымынан шығуға мүмкіндік беретін әдіс; ол – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі; ол – өзара бірлесе әрекеттесуге мүмкіндік беретін, оқытушы мен білім алушыны, сондай-ақ дереккөздерді арнаулы технологиялар арқылы байланыстыратын тәжірибе.

Қашықтықтан оқыту (ҚО) тарихы келесі кезеңдерден өтті:

1. Тек бір технологияны пайдалану және студент пен мұғалім арасындағы тікелей байланыстың болмауы (сырттай оқыту).

2. Әртүрлі технологияларды интегралдау, бір жақты ақпарат ағымына және өзін - өзі оқытуға сүйену; тьюторды студенттермен ықпалдастық жасау үшін пайдалану (ашық университеттер).

3. Студенттер мен мұғалімдер және студенттердің өзара ықпалдастығы үшін коммуникациялық технологияларды кең түрде қолдану (қашықтықтан білім беру жүйесінде интернетті қолдануға болатын бөлігі).

4. Өзара байланысқан компоненттер жүйесі ретінде берілген қашықтықтан оқытудың бірнеше моделі бар.

Заманауи қашықтықтан оқыту жүйесі ақпаратты жеткізу құралы(почта, телевидение, радио, ақпараттық коммуникациялық желілер) және техникалық ортаның ақпарат алмасуынан тәуелді әдістерге сүйене отырып құрылған болып келеді.

Қашықтықтан білім беру курсы ұйымдастыру тапсырмаларды айқындаудан, қойылған мақсаттарға жауап беретін әдістерді таңдаудан, технологияларды таңдау, әдістемелер мен оқытудағы әртүрлі жағдайлар: педагогикалық бірлестік, дәстүрлі білім беру, тапсырмалар мен тәжірибе, интерактивті талқылаулар, модельдеу, демонстрация жасау, ойындар, тапсырмалар мен мәселелерді шешу, тәлімгерлік жасаудан басталады. Қазақстанда біріңғай қашықтықтан оқыту концепциясын құру және оны дамытуда заңдар, заң актілері және ҚР-ның білім және ғылым Министірлігінің нормативтік материалдары /1,2,3/ маңызды роль атқармақ.

Әдітте, қашықтықтан білім беру технологияларын келесідей түрлерге бөледі:

Интерактивті(аудиоконференциялар; видеоконференциялар; жұмыс үстеліндегі видеоконференциялар; e-mail арқылы коференциялар, online services; дыбыстық коммуникация; екіжақты спутниктік; виртуалды шындық).

Интерактивті емес(басылым материалдары, аудиокасеталар, видиокасеталар, біржақты спутниктік байланыс, радто байланыс, дискеталар, CD – ROM-дар).

Тәжірибе жүзінде қашықтықтан оқыту белгілі бір құралмен ғана жүзеге асырылады. Ал жүйелік құралдар көмегімен, мысалы: почтамен таратылатын басылам материалдарымен үйлескентелевизиондық курс және т.б.Қашықтықтан оқытудың жүйелік аралас әдісінде интернет кеңінен қолданылады. Ол өзінде жоғарыда аталып өткен қасиеттерді жинақтай отырып, мәтін, кескіндер, дыбыс, іздеу және жанды қарым-қатынасыты біріктіре алған.

Оқу орындарының интернеттегі қашықтықтан оқытудың ең тиімді формасы ол бейнеконференцбайланыс болып табылады. Ол жанды байланыс қатынасқа ең жақын, демек, оқытудың күндізгі әдісіне ұқсас болып келеді. Бұл арақашықтықтан тәуелсіз түрде, екі немесе одан да көп абоненттер арасындағы орнатылған, бір бірін көруге және естуге мүмкіндік беретін телекоммуникация түрі.

Бейнеконференцбайланысты орнату үшін бейнеконференцбайланыс технологиясы қолданылады. бейнеконференцбайланыс режиміндегі қарым- қатынасты, сонымен қатар, видеоконференцбайланыс сеансы деп те атайды.

Бейнеконференцбайланыс (ВКБ) — екі немесе одан да көп абоненттер арасында желі арқылы ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін телекоммуникациялық технология. Бейнеконференцбайланыс сеансы кезінде интерактивті дыбыс пен бейне алмасу жүзеге асады. Онымен қатар, абоненттер телеметрикалық деректерді және компьютерлық деректерді трансляциялай алады, құжаттар мен объектілерді де қосымша видеокамераларды қосу арқылы демонстрация жасай алады. Желіде дыбыс пен видео ағынының тасымалдануы, деректерді (аудио және видео ағын) стандартты кодтау/декодтау жолымен жүзеге асады.

Бейнеконференция – екі жақтың белгілі бір жерде болуынсыз, яғни олардың қатысуынсыз жүзеге асырылатын қашықтықтан оқытудың ерекше технологиясы болып табылады. Мұғалімдер мен студенттер бір-бірін көре отырып, мәліметтер мен деректерді, құжаттарды, қарапайым аудиторияда отырған секілді бірлесе қарап, талқылай алады.

Қашықтықтан оқытуда бейнеконференцияны пайдалану тиімділігінің артуы келесі факторларға байланысты: уақыт пен жол жүру үнемділігі, мұғалімдер аудиториясының артуы, мүлім мен студенттің шынайы қарым-қатынас секілді байланыс жасай алуы.

Бүгінгі тәжірибе көрсетіп отырғандай, көптеген білім беру орындары бейнебайланысты әртүрлі мақсаттарда, дәстүрлі курстармен қатар пайдалануда. Бейнебайланыс білім беру ұйымдары арасында тәжірибе алмасу әртүрлі қалалар мен елдердегі сарапшымамандар мен лектор қонақтардың қатысуымендәріс сабақтар, семинарлар өкізуге, ғылыми техникалық тәжірбие алмасуға да өте тиімді екенін көрсетіп отыр.

Бейнеконференция жүйесінің жұмыс істеу принципі білім беруде жаңа технологияларды пайдалану; жұмыс уақыты мен ресурстарды оптимизациялау; ағымдағы жобалардағы ориентация;

Бейнебайланысты ұйымдастыру. Бейнебайланыс форматында өткізілетін іс шара мазмұны мен өткізілу форматы процесске қатысушар тарапынан алдын ала белгіленуі керек. Әдетте іс шара өткізілу формасына байланысты 30минуттан 8сағатқа дейін созылуы мүмкін.

Бейнебайланыс режимінде өткізуге болатын іс-шаралар форматы: дөңгелек үстел, эксперттік сессия (эксперттік диспутты қоса); ашық дәріс; жиналыс; конференция; ашық сабақ және т.б.

Аталып өткен формалар үшін сессия уақыты 1,5-2,5сағат аралығында жалғасады. Бастапқы 30-45 минут –сарапшының таңдалған тақырып бойынша хабарламасы, одан соң, интерактивті талқылау (сұрақтар, ойлар, қатысушылар пікірі), аластатылған топтармен жұмыс (егер қарастырылған болса) және қорытынды жасау.

Дәстүрлі бейнебайланысқа ұқсас болып келетін тағы бір технология – хабар тарату. Білім алушыағындағы видеокескін, дыбыстық сигнал, оқу материалдарына браузер арқылытарататын технология көмегімен қол жеткізу.

Сабақтарды классикалық түрде хабар тарату, дәрістер немесе дипломдық жұмыстарды қорғау үш аппараттық құрал көмегімен орындалуы мүмкін: хабар тарату серверлерінің ретрансляциясы, хабар таратуды кодтау, видеосигналды ұстау үшін кең бұрышты камера.

Қашықтықтан оқытудың болашағы компьютерлік интернет-технологиялар мен телекоммуникациялардың интеграциясы болып табылады. Солардың бірі интерактивті оқытатын бейнебайланыс. Интерактивті оқытатын бейнебайланыс қашықтықтан оқыту технологиясының ең жетекші технологиясы болып, білім алушыларға орналасқан географиялық жерінен тәуелсіз, жалпылай таратылатын онлайн байланысты қамтамасыз етеді.

Интерактивті мультимедиялық бейнебайланыс білім алушалар аудиториясы арасында кең тарағанғаламдық білім беру желісінің техникалық жағдайын жасап, қамтамасыз етіп отыр.

Интерактивті мультимедиялық бейнебайланыс қашықтықтан білім беруді жүзе

асыруда қолданылатын тиімді құрал болып табылады. Бұл бағдарламалық жүйе қашықтықтан оқыту курстарына ең төменгі бейімдеумен интегралдануы мүмкін. Ол екі жақты видео және аудио байланысты орнату үшін құрылған.

Бейнебайланыс жүйелерінің түрлері: видеоконференциялар бастапқыда үлкен емес сыныптардың оқушыларын монитордан бақылап, қадағалау үшін жасалған болатын. Оны пайдалану үшін дербес компьютер мен бағдарламалық қамтамасыз етуді қажет етеді. Көп жағдайда ол адам саны аз топтар үшін жұмыс істеуге қолайлы болды.

Бағдарлама негізі оның негізгі сипаттамаларына тоқтылып кетпесек түсінікті болмайды. Интерактивті бейнебайланыстардың негізгі талаптары:

- интерактивті видеоконференциялар қазіргі заманғы технологиялар бар болған жағдайда, екі немесе одан да көп алыс қашықтықта орналасқан абоненттер байланысын қамтамасыз ету;

- жүйе екі немесе одан да көп сайттар арасында көп пунктті блок басқару жолы арқылы байланысты орната алуы тиіс;

- екі немесе одан да көп сайттарконференциясында қолданылатын «қоңырау шалу» функциясының бар болуы;

- екі немесе одан да көп сайттарконференциясында қолданылатын «көп каналды телефон» функциясының бар болуы;

- нақты бір уақытта студент пен мұғалім немесе студенттердің арасында визуалды контакт орнату;

- әртүрлі типтегі медиа құралдарды (медиа тақталар, хабарландырулар, қолдан жазылған құжаттар мен видео материалдарбарлық сайттарда жұптаса қолданылуы мүмкін).

- басқа географиялық аймақтардағы мамандармен байланыс орнату;

- алыстатылған сайттағы студенттер үшін қосымша кіруге рұқсат беру;

- ақпараттың жоғалып кетуіне жол бермеу;

Қойылатын талаптар тізімі, әрине тағы жалғасуы және өзгеруі мүмкін. Оның барлығы берілген технологияның техникалық параметрлерінің өзгеруіне байланысты. Ол мұғалімдер мен студенттер үшін жасалған ережелердіңжүзеге асуына қатысты. Олар оқытудағы стратегия мен тактиканы анықтайтын маңызды шартболып табылады. Олардың ішінде мұғалімдер үшін маңызды болып табылатын келесі ережелерді атап өтуге болады:

- Мұғалім барлық студенттерге бірдей көңіл бөлуі тиіс.

- Сабақтар әртүрлі оқыту әрекеттерінен құрылуы тиіс.

- Кішігірім тапсырмалар кіріту керек, бақылау жұмыстары мен тосыннан сабақты түрлендіру мақсатындағы тексерулер.

- Мұғалімдер оқу тапсырмаларын әр 10-15 минутта өзгертуі тиіс.

- Дәріске өзге бір адамды шақырып, қашықтықтан оқитын білім алушыларды сабаққа қызықтыра түсу.

- Сабақты жақсы түсіндіре отырып, қызықты талқылауды да ұйымдастыра білу.

- Студент сабаққа тікелей қатыспағандықтан сабақты елемейі мүмкін, мұғалім мұны білуі тиіс.

- Интерактивті мүмкіндіктерді пайдаланып, сабақты түрлендіре түсу қажет.

- Мұғалім сабақты студенттердің сабаққа белсенділігін арттырудан бастауы керек.

- Интерактивті видеоконференция ол сабақ, телевидениядағы теле шоу емес, айырмашылығын сезіну керек.

- Мұғалімнің барлық студенттерге назар аударуы, студенттің өзін одан қолайлы сезінуіне жағдай туғызады.

Білім алушылардың белгілі бір тәртіптерді сақтауы, білім алуды одан да тиімді ете түспек. Сол ережелердің ең маңыздылары келесілер:

- сабаққа деген парасатты көзқарас;

- оқу процессінің перспективасын көре білу;

- студенттер сабақты одан да қызықты өте алады, егер ол сабаққа белсенді

қатысатын болса;

- жеке өзінің дамуында өтіліп жатқан сабақтың әрбірінің қажеттілігін түсіне білу;
- өзінің әлсіз немесе мықты жақтарын көре білу, белсенді позицияны қолдану;
- алдында алынған білімді және енді үйреніп жатқан ақпаратты өзара ұштастырып, оны пайдалана алу және т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР білімді дамыту бағдарламасы 2011 – 2020 жылдар. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2010 жыл 7 желтоқсан № 1118.
2. Қазақстан Республикасының білім туралы заңы 2007 жыл 27 шілде № 319-III.
3. ҚР-ның Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың технологиясы. Негізгі ереже.
<http://cis.rudn.ru/document/show.action;jsessionid>

ӘОК 371:004

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН БАСҚАРУДЫ АУТОМАТТАНДЫРУ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ МӘСЕЛЕРДІ АУТОМАТТЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Толқын Жақсылық

Jax_14@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 1-ші курс магистранттары, Астана қаласы
Ғылыми жетекші - М. Серік

Бүгінгі жаһанданған заманда ақпараттандыру құралдар адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігі мен тиімділігін арттыруда маңызды орын алатындығы айқын. Еліміздің жаңа қарқынымен жылдам алға басу динамикасы білім беру жүйесін ақпараттандырудың мақсаттары мен мәселелеріне сәйкес білім берудің бұрын болмаған басқаша зерттелетін мәселені шешуді қалыптастыруды талап ете бастады. Бүгінгі күні білім беру жүйесін ақпараттандырудың мақсаты – заман талабына байланысты ақпараттық қоғамның шаттарына сәйкес білім алушыларды тұрмыстық қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық әрі тиімді түрде араластыру болып табылады. Ақпараттандыру ісінде білім жүйесінің адамзат тіршілігінің барлық әлеуметтік аймақтарымен әрекеттесуі және олардың бір-біріне әсер етуі толық бейнеледі. Мұнда білім беру ісінің өзі де күрделі жүйенің бір-бірімен және қоғамдық өмірдің басқа аймақтарымен де тығыз байланысқан бес бөліктен тұратыны анықталды, олар: теориялық – методологиялық, педагогикалық, экономикалық ұйымдастырушылық және технологиялық жүйелер. Сол себепті қазіргі кезде білім саласындағы ең өзекті мәселеге ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық жағы емес, керісінше оның ұйымдастырушылық, әлеуметтік және педагогикалық жақтары айналып отыр. Білім беру процесіндегі және әрбір оқыту орындарындағы мәселерді шешуді аутоматты түрде басқару, Қазақстан Республикасында ақпараттық оқыту кеңістігінің құрылуына қамтамасыз етеді. Көптеген ақпараттар ағымын, білім беру мекемелерінде жұмыс жасайтын қызметкерді, оқушылар мен ата аналарды оқу орындарындағы оқу тәрбие үрдісін басқаруды және тапсырысты ұйымдастыруды аутоматты түрде басқару қазіргі таңда қиындықтар туғызуда.

Қиындықтың тудыру себебінің бірі, ақпараттық ағымдарының мазмұнының біліктілігін қадағаламауы, және оның бір бекітілген формасының және тіркелген адресінің жоқтығы болып табылады.

Ақпараттық ағымдарының құрылымы әрдайым өзгеріп отырады, кейде ақпараттың қайталануына байланысты және оның шарттары бұрмаланады.

Зерттеу жұмысы барысында Астана қаласындағы бірқанша мектептерді бақылау